



Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №1053570/2024/1

20.12.2024 жылғы

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Сенімхат №2872693927 03.01.2024 бастап, негізінде әрекет ететін Техникалық дайындық жөніндегі директор Шотт Виктор Александрович атынан, бір жағынан, және "Алтайская строительная компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, Жарғы, негізінде әрекет ететін Директор ВЕРЁВКИН ВЛАДИМИР ГРИГОРЬЕВИЧ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1053570 негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

Жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу туралы шарттардың жобаларында өнім берушінің тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және олардың өнім берушілерінің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында (бар болса) мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын көрсетуі туралы талаптар қамтылуға тиіс индустриялық-инновациялық қызметті

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдар келесі түсіндірмені білдіретін болады:

- 1.2.1. «Тапсырыс беруші» – «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы» («ҮМЗ» АҚ);
- 1.2.2. «Мердігер» - "Алтайская строительная компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("Алтайская строительная компания" ЖШС);
- 1.2.3. «Нысан» – 3 ғимарат;
- 1.2.4. «Учаске» – объектіні салу кезінде жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақты білдіреді
- 1.2.5. «Шарт» - Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында қол жеткізілген, жазбаша нысанда тіркелген және Тараптар оған барлық Қосымшалармен және толықтырулармен, сондай-ақ осы Шартта сілтемелері бар барлық қажетті құжаттамамен қол қойған осы келісімді білдіреді.
- 1.2.6. «Құжаттама» - Нысанда жұмыстарды жүргізу үшін конкурстық құжаттама құрамында Мердігерге берілетін сметалық құжаттама;
- 1.2.7. «Жұмыстар мерзімінің ұзақтылығы» - Мердігер Нысандағы Жұмыстарды орындауды аяқтауға тиіс мерзімді білдіреді;
- 1.2.8. «Өзгерістер» – Шартқа қол қойғаннан кейін Тапсырыс берушімен енгізілген өзгерістер;
- 1.2.9. «Кемшіліктер (ақаулар, Шарттан ауытқу)» – Шарттың талаптарын бұзумен орындалған жұмыстар бөлігі;
- 1.2.10. «Кемшіліктерді (ақауларды, Шарттан ауытқуды) жою кезеңі» – жұмыстардың орындалуын тексеру процесінде анықталған Кемшіліктерді (ақауларды, Шарттан ауытқуды) жою кезеңі;
- 1.2.11. «ҚОМЖ» – қоршаған орта менеджмент жүйесі;
- 1.2.12. «ДСЖЕҚҚМЖ» – денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджмент жүйесі.
- 1.2.13. «Резерв» – жұмыстарды сапасыз орындау немесе жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзу жағдайына Мердігермен есеп айырысу кезінде қаражатты кепілдік ұстап қалу. Тапсырыс беруші бұл соманы Мердігерге Шарт бойынша жұмыстардың нәтижелерін тұтастай қабылдағаннан, Тапсырыс беруші жұмыстардағы елішілік құндылық бойынша есептілікті «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы орындалған жұмыстарды қабылдаудың түпкілікті актісіне қол қойылғаннан кейін аударады.
- 1.2.14. «Өнеркәсіптік қауіпсіздік» - жеке және заңды тұлғалардың, қоршаған ортаның ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) қауіпті өндірістік нысандарда қолданылатын техникалық құрылғылардың қирауынан, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті





заттардың шығарындысынан және аталған апаттардың салдарынан қорғалуының жай-күйі;

1.2.15. «Өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын талаптар» – өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген техникалық және (немесе) әлеуметтік сипаттағы арнайы шарттар;

1.2.16. «Материалдар» – Нысанда Жұмыстарды жүргізу кезінде Мердігер қолданатын барлық шығыс материалдарды білдіреді.

1.2.17. «Шартты тоқтату» – Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тәртіппен көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға, сондай-ақ Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін тоқтатуы.

1.3. Жұмыстар Тапсырыс берушінің құжаттамасы бойынша орындалады.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар және оларда келісілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.4.1. Шарт;

1.4.2. сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (№ 1 қосымша) .

1.4.3. Техникалық ерекшелік (№ 2 қосымша);

1.4.4. қызметтерді көрсетуге/ жұмыстарды орындауға арналған шарттардағы елішілік құндылықтың болжамды/нақты есебі (№ 3 қосымша);

1.4.5. жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесі (№ 4 қосымша);

1.4.6. жұмыстар құнының тізімдемесі (№ 5 қосымша);

1.4.7. Контрагент анкетасы (№ 6 қосымша).

1.4.8. Анкета нысаны - ESG сауалнамасы (№ 7 қосымша).

1.5. Осы Шарт бойынша жұмыстар мердігердің оның материалдары мен жабдықтарынан, оның күштері мен құралдарынан асырауында орындалады.

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 2952832.00 (екі миллион тоғыз жүз елу екі мың сегіз жүз отыз екі) Теңге ҚҚС-сыз құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтиды және Шарт пен Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес нақты орындалған жұмыстар үшін төлем жүргізеді.

2.4. Тапсырыс беруші актіні (актілерді) қағаз нұсқада қабылдағаннан кейін Мердігер орындалған жұмыстардың актісін Веб-порталда электрондық түрде жасайды және оған қол қояды.

2.5. Орындалған Жұмыстар, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін ақы төлеу тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бар көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі);

2.5.2. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бүкіл көлеміне елішілік құндылық есебі (орындалған Жұмыстардың әрбір Актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.3. Салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактура;

2.5.4. Орындалған жұмыстарды қабылдау актісінің түпнұсқасы;

2.5.5. Орындалған жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтама түпнұсқасы;

2.5.6. Бөлшектенген материалдар мен құрылмаларды (егер бөлшектеу жұмыстары болса) қабылдау-тапсыру актісі;

2.6. Мердігер орындалған Жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Орындалған Жұмыстар актісін (актілерін) Веб-порталда электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.8. Егер нақты орындалған Жұмыстар құны осы Шарттың 2.1.-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасына жетпесе, Мердігер Шарттың қалған сомасын талап етуге құқығы жоқ. Осы Шарт бойынша қалған сома Тапсырыс берушінің қарауында қалады.

2.9. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар үшін төлеу кезінде орындалған Жұмыстар құны мен шығындар туралы анықтама бойынша төлеуге қойылған Жұмыстар құнынан 5 % мөлшерде резервті уақытша ұстап қалады.

2.10. Мердігер барлық анықталған кемшіліктерді (ақаулар, Шарттан ауытқу) түзету және жұмыстардағы елішілік құндылық бойынша





есептілікті Тапсырыс беруші қабылдау шартында, Орындалған жұмыстардың түпкілікті (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қою күнінен бастап 30 жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Мердігерге резервті қайтарып береді.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімі, талаптары, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2, №4, №5 Қосымшаларына сәйкес анықталады

3.2. Жұмыстарды Тапсырыс беруші көлемі мен сапасы бойынша Шарттың №1, №2, №4, №5 Қосымшаларына сәйкес Орындалған жұмыстар Актісі бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні ретінде Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойған күні болып табылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес орындауға;

4.1.2. Егер шартпен Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ұсыну көзделсе

Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет ету мерзімімен Шартты орындауды қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнынан 3 % түрінде Төлем тапсырмалары енгізу. Бұл міндеттеме Мердігер Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, оған қолданылмайды.

4.1.3. Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкес, жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз ету.

Мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау ретінде, Мердігер тараптардың орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойған күніне дейін сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (өндірушілерден), сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан (-дардан) сатып алу туралы шарттың (тардың) көшірмесін, тауарларды тапсыру-қабылдау актілерін тапсырады. Көрсетілген міндеттеме, егер жүргізіліп отырған (жүргізілген) сатып алулар /Шарттың талабымен Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерлікке беруге рұқсат болса, қосалқы мердігерге де таралады.

4.1.4. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Шарт шеңберінде орындалған жұмыстардың барлық көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебін электрондық құжат нысанында ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады).

4.1.5. Тапсырыс берушіге әрбір Актімен бірге Шарт бойынша нақты орындалған Жұмыстар көлеміне (өспелі қорытындысымен) электрондық құжат нысанында елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда тапсырылады) тапсырылады.

4.1.6. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардағы кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.7. Мердігер жұмыстарды орындау күнтізбелік кестесіне (№ 4 Қосымша) және «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында (www.ulba.kz «Сатып алулар» «Нормативтік құжаттама») жарияланған СТ 28.0021 мазмұндалған «ҮМЗ» АҚ мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру тәртібі) талаптарына сәйкес шартқа қол қойған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде осы Шартпен көзделген барлық Жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету.

4.1.8. Тапсырыс берушіден сұрату алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғаныс туралы» Заңының 79-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс жасауға тартылатын техникалық жетекшілердің, мамандардың және жұмыскерлердің даярлығын растайтын құжаттарды ұсыну.

4.1.9. Жұмыстарды жүргізу жобасы түпкілікті келісілген күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жұмыстарды орындауды бастауға. Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесінің орындалуын қамтамасыз ету.

4.1.10. Шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында орналастырылған (www.ulba.kz «Корпоративтік басқару» «Корпоративтік құжаттар») жұмыстарды орындаудың типтік жобасына сәйкес орындалған, Тапсырыс берушінің бөлімшелерімен келісілген жұмыстарды жүргізу жобасын (ЖЖЖ) ұсыну. Жұмыстарды жүргізу жобасының құрамы мен мазмұны ҚР ҚН 1.03-00-2011 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру» және ҚР ҚН 1.03-05-2011 «Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы», «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында орналастырылған (www.ulba.kz «Корпоративтік басқару» «Корпоративтік құжаттар») СТ 28.0021 «Мердігерлік ұйымдармен өзара қатым-қатынасты жүргізу тәртібі» талаптарына сәйкес келуі қажет.

4.1.11. Орындалатын жұмыстардың сапасын Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қамтамасыз ету.

4.1.12. Тапсырыс берушіге Жұмыстардағы елішілік құндылық бойынша есептілікте шынайы ақпарат беру. Елішілік құндылық бойынша жалған ақпарат ұсынылған жағдайда, Мердігер Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.13. Жұмыстарды орындауды бастағанға дейін құрылыс зертханасын аккредиттеу аттестатының нотариалдық расталған





көшірмесін немесе аккредиттелген құрылыс зертханасымен жасалған шарттың нотариалды расталған көшірмесін ұсыну (қажет болса).

4.1.14. Өз қызметкерлерін СТ 28.0021 мазмұндайған «ҮМЗ» АҚ нысандарына мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің кіруі және болуы кезінде өткізу және нысанішілік тәртіп талаптарымен», «ҮМЗ» АҚ өндірістік қауіпсіздік кодексі» (бұдан әрі – Кодекс) талаптарымен таныстыру және олардың сақталуы үшін толық жауапты болу.

4.1.15. Тапсырыс берушінің аумағына келу кезінде жұмыскерлерді Мердігердің ұйымына қатысы бар екендігін көрсететін логотип белгіленген арнайы киіммен қамтамасыз ету.

4.1.16. Егер Шартты орындау үшін Тапсырыс берушінің аумағына кіру рұқсаты қажет болса:

4.1.16.1. Тапсырыс берушінің аумағында бола отырып, СТ 28.0021 «ҮМЗ» АҚ объектілерінде Мердігер жұмыскерлерін өткізу және болу кезінде өткізу объектішілік режимінің талабының» А- қосымшасының талаптарын орындауға міндетті.

4.1.16.2. Тапсырыс беруші берген техникалық шарттарға сәйкес су мен электр энергиясын қосуға және қосылу нүктелерінен бөлуге жауапты болуға.

4.1.16.3. Тапсырыс берушіге немесе оның уәкілетті тұлғасына, сондай-ақ жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеушілерге Участкеге кіруге немесе Шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа жерге кіруге рұқсат беру.

4.1.16.4. Орындалған жұмыстар және жұмыстармен байланысты барлық материалдар, құрал-жабдықтар, ресурстар және басқа да позицияларды жауын-шашын, аяз, өрт, ұрлық және басқа себептермен байланысты зиянның барлық түрлерінен, бүлінуден, жойылудан қорғауды қамтамасыз ету. Мердігер өз жұмыстарын жүргізген кезде Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті, жолдар, ғимараттар, материалдар қоймалары мен жылжымалы және жылжымайтын мүліктің басқа түрлерін қоса есептегенде (алайда бұлармен шектелмей), бүлінудің (қираудың) қандай да бір түрлерінен немесе басқа себептерден қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Жоғарыда мазмұндайғандармен байланысты Мердігерге келтірілген барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды. Тапсырыс беруші жоғарыда аталған себептер бойынша қандай да бір шығын немесе Мердігердің жұмыстарының қандай да бір бүлінуі үшін, олар толық аяқталғанға және Нысанды пайдалануға қабылдап алғанға дейін жауапты болмайды. Жоғарыда мазмұндайғандардың нәтижесіндегі қандай да бір зиянды, қандай да бір бүлінулер мен өзге де ақауларды (ақаулар, Шарттан ауытқу) барлық түзетуді Мердігер қосымша өтеусіз іске асырады.

4.1.17. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындау.

4.1.18. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Орындаушыға белгілі болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ дербес деректерді жария етпеу.

4.1.19. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасында қолданыстағы еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидаларды сақтау және СТ 28.0021 «ҮМЗ» АҚ мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру тәртібі», ИП 14.0025 «ҚОМЖ мен ДСЖЕҚҚМЖ талаптарын «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс істейтін ұйымдардың назарына жеткізу тәртібі» мазмұндайған, «ҮМЗ» АҚ-да қолданыстағы ҚОМЖ мен ДСЖЕҚҚМЖ талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасының және Кодекстің талаптарын орындау.

4.1.20. ҮМЗ» АҚ-да қолданылатын, Участке аумағында белгіленген еңбек тәртіптемесі ережелері мен еңбек тәртібін және СТ 28.0021 «ҮМЗ» АҚ мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру тәртібі» «А» Қосымшасында мазмұндайған «ҮМЗ» АҚ нысандарына мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің кіруі және болуы кезінде өткізу және нысанішілік режим талаптарын орындау.

4.1.21. Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасында не шартта көзделген техникалық-экономикалық көрсеткіштерден ауытқуды тудыруы мүмкін техникалық құжаттамадағы өз кінәсі бойынша пайда болған кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жояды.

4.1.22. Күтілген нәтижеге жету мүмкін болмағанда немесе жұмыстарды ары қарай орындау мақсатқа сай болмаған жағдайда Тапсырыс берушіге жедел түрде хабарлау.

4.1.23. Тапсырыс берушіге осындай шарттың негізінде ұсынылған нәтижелерге үшінші тұлғалардың ерекше құқығының жоқтығы туралы кепілдеме беру.

4.1.24. Уақтылы, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыстарды орындау барысында туындауы мүмкін өзгерістер туралы Тапсырыс берушіге ресми хабарлауға және осы өзгерістердің барлық келісулерін жедел жүргізуге.

4.1.25. Кемшіліктер (ақаулар, Шарттан ауытқу) туралы хабарлама алған кезде өз кінәсі бойынша туындаған кемшіліктерді (ақауларды, Шарттан ауытқуларды) Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен уақыт ішінде өз күшімен және өз есебінен жоюға.

4.1.26. Тапсырыс берушіге бөлшектенген материалдарды, жабдықтарды және құрылмаларды оларды ары қарай пайдалану туралы мүмкіндігін анықтау мақсатымен ұсыну (қажет болса).

4.1.27. Жұмыстарды аяқтаған соң:

а) әр ауысымнан кейін жұмыс орнын құрылыс қоқыстан тазартып, оны Тапсырыс беруші көрсеткен жинақтау орнына жеткізу.

б) Нысанның аумағын құрылыс қоқыстан және бөлшектенген материалдардан, жабдықтардан, құрылмалардан тазартылып, ары қарай





әкету. Аумақты тазарту Тапсырыс берушінің хабарламасында көрсетілген мерзімде жүргізу.

4.1.28. Жұмыстарды тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге ұсыну:

- сертификаттар, техникалық паспорттар және материалдардың, конструкциялардың, бөлшектер мен жабдықтардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттар, жұмыстарды жүргізу кезінде қолданылатын жабдыққа паспорттар мен пайдалану жөніндегі Нұсқаулық (пайдаланушы), жасырын жұмыстар актілері, жұмыстарды жүргізу журналдары, дәнекерлеу жұмыстары журналы, атқарушылық сызбалар мен сызбалар. (әр шартта нақтылау).

4.1.29. 33 Рұқсаттаманың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны (рұқсаттаманы) Тапсырыс берушіге қайтаруға және Тапсырыс берушінің рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттамаларды қайтару туралы анықтаманы негізгі құрылыс және қайта жаңарту бөліміне ұсыну.

4.1.30. Білімі мен қолда бар барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмыстарды орындауды ұйымдастыру және көрсету. Мердігер көрсетілетін қызметтердің әдістері, бірізділігі және сапасы үшін, сонымен қатар Шарт бойынша барлық көрсетілетін Жұмыстарды үйлестіру үшін толық жауапты болады.

4.1.31. Жұмыстарды орындау алдында Тапсырыс берушіге (Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдеріне) Мердігердің жұмыскерлеріне өнеркәсіптік-қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс істеу құқығына куәлік ұсыну.

4.1.32. Жұмыстарды жүргізу процесінде өз есебінен және Шарттың құны есебінен Нысанды Мердігердің қызметі нәтижесінде пайда болатын қалдықтардан жүйелі тазартуды, артынан оларды тиісті полигонға шығаруды қамтамасыз ету. Мердігер қалдықтардың несі болып табылады, және қалдықтарды орналастыруға (кәдеге жаратуға) шартты өз бетімен жасайды;

4.1.33. Өзара талаптың жоқ екендігі туралы тексеріп салыстыру актіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірмей қол қою.

4.1.34. Тапсырыс беруші ұйымдастырған жұмыстарды орындау сұрақтары бойынша жиналыстарға жеке қатысуын, немесе өзге құзыретті басшының қатысуын қамтамасыз ету. Бірге қабылдаған шешімдерді жүзеге асыру үшін барлық шара қолдану.

4.1.35. Жұмыстарды орындауға қажетті материалдар (тауарлар) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілсе, отандық материалдарды (тауарларды) сатып алу.

4.1.36. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz> веб-сайтында орналасқан «ҮМЗ» АҚ өнім берушілерінің Әдеп кодексімен өзі және жұмыскерлерін таныстыру. «ҮМЗ» АҚ өнім берушінің Әдеп кодексі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.1.37. Мердігер, оның ішінде жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар қосалқы мердігерлер Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімінде «ҮМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексіне сәйкес міндеттемелерді қабылдайды.

4.1.38. Тапсырыс берушіге толтырылған Контрагент анкетасын (осы Шартқа № 6 Қосымша) осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күні ішінде, және шарт 12 айдан артық уақытқа жасалса, жыл сайын ұсыну.

4.1.39. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын толтырылған ESG анкета-сауалнамасын (осы Шартқа №7 қосымша) ұсыну.

4.1.40. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ келесі жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиістілігін көрсететін өзге де мәліметтерді және/немесе құжаттарды көрсетуге жол берілмейді:

1) толық жинақтау, толық жабдықтау, біріздендіру немесе қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ одан кейінгі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу;

2) Тапсырыс берушінің өзі өнім беруші ретінде Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындауы үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы және осы Шартта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге немесе өндірушіге тиесілігін айқындайтын өзге де мәліметтерге және (немесе) құжаттарға тиісті нұсқаулардың болуы.

4.1.41. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтау.

4.1.42. Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ халықтың





санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болу.

4.1.43. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескерту.

4.1.44. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы анықталған кемшіліктерді Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде өз есебінен жояды.

4.1.45. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз ету.

4.1.46. Қызмет көрсетуге еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды жіберу.

4.1.47. Мердігер және (немесе) қосалқы мердігер жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы өз қызметінің және (немесе) мамандарының өз иелігінде болуы.

4.1.48. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізу.

4.1.49. Өз қызметкерлерін қауіпсіз қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз ету.

4.1.50. Персоналды Қазақстан Республикасында қолданыстағы санитарлық нормаларға сәйкес келетін арнайы киіммен, аяқ-киіммен қамтамасыз ету;

4.1.51. Келесілерге тыйым салынады: берілген рұқсаттамалардың жоғалуына немесе механикалық зақымдалуына; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағында радиоэлектрондық байланыс құралдарын, электрондық, магниттік, оптикалық, қағаз ақпарат тасымалдағыштарды, фото-бейне жабдықтарды рұқсатсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша алып өтуге және (немесе) пайдалануға; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды; рұқсаттаманы басқа адамға беруге; қолдан жасалған немесе мерзімі өткен Рұқсаттама бойынша күзетілетін аумаққа өту (өту) әрекеттеріне; Мердігер қызметкерінің Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольден немесе есірткіден масаң күйде болуына, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольден немесе есірткіден масаң күйде өту әрекетіне; рұқсат беру құжаттарының тауар-материалдық құндылықтарды Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан әкету (шығару) әрекеттеріне тыйым салынады; Тапсырыс берушінің аумағына тыйым салынған заттарды, нәрселерді, оның ішінде қаруды, оның оқ-дәрілерін, улы және улағыш заттарды, көзден жас ағызатын не жүйкеге әсер ететін газы бар баллондарды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды әкелуге.

4.1.52. Тапсырыс берушіге жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын Тапсырыс беруші тиісті талап қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өтеу. Рұқсаттама Шарттың 4.1.29-тармағында көрсетілген мерзімде қайтару туралы растаушы анықтама бермеген жағдайда жоғалған деп танылады.

4.1.53. Тапсырыс берушіге «ҰМЗ» АҚ ресми сайтында орналастырылған (www.ulba.kz «Корпоративтік басқару» «Корпоративтік құжаттар») нысанда есептік айдан кейінгі айдың 1 күніне дейін ай сайын «Мердігерлік ұйымдарда өндірістік қауіпсіздіктің жағдайы туралы мәліметтер» есебін ұсыну. Есеп ілеспе хатпен бірге Шартқа қол қойған Тапсырыс берушінің тарапы атына жолданыс.

4.1.54. «Самұрық-Қазына» АҚ электронды сатып алулардың ақпараттық жүйесі ЭСАЖ 2.0. арқылы Актіні тапсыру.

4.1.55. Жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында берілген білікті мамандармен көрсету.

4.1.56. Сатып алу туралы шартты орындау үшін тартылатын Мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының өзгеруі салдарынан, қызметтер көрсетуге сатып алу туралы шарт сомасын ұлғайту бөлігінде жасалған Шартқа өзгерістер енгізу кезінде әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдау шеңберінде:

Шартты орындау үшін тартылған, Мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын көтеру.

4.1.57. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспауға, Орындаушымен, оның акционерлерімен/ құрылтайшыларымен/ қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Орындаушының және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беру және аталған жағдайлар болса, осы Шартты бұзу.

4.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:





- 4.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.
- 4.2.2. Мердігерден орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға.
- 4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлем (дерді) жасауға.
- 4.2.4. Мердігерге өзі енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.
- 4.2.5. Мердігермен бірге бөлшектенген материалдарды, жабдықтарды және құрылмаларды ары қарай пайдалану мүкіндігін анықтау мақсатымен қабылдау -тапсыру актісін жасау.
- 4.2.6. Шартты жабуды Тараптардың өзара талаптарының жоқ екендігі туралы Мердігермен салыстыру актісіне қол қою арқылы жүргізу.
- 4.2.7. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажет болған жағдайда «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында орналастырылған (www.ulba.kz) «Корпоративтік басқару» «Корпоративтік құжаттар»)СТ 28.0021 «Мердігерлік ұйымдармен өзара қатым-қатынасты жүргізу тәртібі» талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің аумағына Мердігердің қызметкерлерін өтуге рұқсатпен қамтамасыз ету.
- 4.2.8. Мердігердің сұратуы бойынша берілетін ТШ сәйкес жұмыстарды орындау үшін қажетті электрэнергияны, техникалық су құбырын және басқа электрмен қамту көздеріне қосылу нүктелерін Мердігерге көрсету.
- 4.2.9. Бөлшектенген материалдарды, жабдықтарды, құрылмаларды және құрылыс қоқысын жинау үшін Мердігерге орынды көрсету.
- 4.2.10. Мердігердің қызметіне араласпай, кез келген уақытта орындалған жұмыстардың барысы мен сапасына, оларды орындау мерзімдерінің сақталуына, Мердігер пайдаланатын материалдардың сапасына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру.
- 4.2.11. Мердігерге кез келген анықталған кемшіліктер (ақаулар, Шарттан ауытқулар) туралы кемшіліктерді (ақауларды, Шарттан ауытқуларды) жою мерзімін көрсетумен жазбаша хабарлама жолдау.
- 4.2.12. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстырсын, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етілсін.
- 4.3. Мердігер құқылы:
- 4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.
- 4.3.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап етуге;
- 4.3.3. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;
- 4.3.4. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;
- 4.3.5. Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;
- 4.3.6. Тендерлік өтінім құрамында тендер кезеңінде Мердігер ретінде көрсетілген қосалқы мердігерлерге (қосалқы орындаушыларға) Жұмыстар көлемінен (құнынан) $\frac{1}{4}$ аспайтын көлемде қосалқы мердігерлікке (қосалқы орындауға) беруге.
- 4.3.7. Шарттық міндеттемелерді орындау тәсілдерін өз бетімен айқындау.
- 4.3.8. Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Тапсырыс берушіден Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап ету.
- 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:
- 4.4.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.
- 4.4.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.
- 4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.
- 4.4.4. Мердігерден тиісті сападағы жұмыстарды орындауды талап ету.
- 4.4.5. Мердігерден Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесіне сәйкес жұмыстарды орындау мерзімдерін орындауды талап ету (№ 4 қосымша).
- 4.4.6. Мердігерден Шарт талаптарын орындамау/тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған тұрақсыздық айыбының сомасын өтеу бойынша төлемді талап етуге.
- 4.4.7. Мердігерден кез-келген кезеңде жұмыстың барысы туралы ақпарат алу.
- 4.4.8. Орындалған жұмыстар сапасына және/немесе толық орындалуына қатысты Мердігерге негізді келіспеушіліктерді ұсыну.





4.4.9. Мердігердің қызметіне араласпай, кез келген уақытта Мердігер орындайтын жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.10. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасын, ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алу.

4.4.11. Мердігермен келісе отырып, Шарт бойынша жұмыстардың құнын арттыруды тудырмайтын өзгерістерді Құжаттамаға енгізу.

4.4.12. Егер Мердігер шарттық құжаттардағы талаптарды бұзумен орындалған жұмыстарды түзету бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ Мердігер жұмыстарды Шартқа сәйкес соңына дейін орындауға қабілетсіз болса, тоқтату себептері жойылғанға дейін жұмыстарды тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы Мердігерден жазбаша талап етуге құқылы.

4.4.13. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе, және Тапсырыс берушіден жазбаша ескерту алған күннен бастап жеті күн ішінде жазбаша жауап бермесе, өз талабын қайталайды. Егер Мердігердің келесі жеті күн ішінде көрсетілген кемшіліктерді (ақауларды, Шарттан ауытқу) жоюға мүмкіндігі болмаса, Тапсырыс беруші басқа әсер ету әдістерінен бас тартпастан осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Кемшіліктерді (ақауларды, Шарттан ауытқу) жою бойынша жұмыстар құны Тараптар қол қойған акті негізінде анықталады. Егер Мердігерге төлеуге жататын сома аталмыш шығындарды жабуға жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге өз қаражатынан айырмасын төлеуге міндетті.

4.4.14. Жұмысты немесе құрылманы тексеру үшін сынақ жүргізу. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыстардың кемшіліктері (ақаулар, Шарттан ауытқу) анықталса, Мердігер жұмыстардың кемшіліктерін (ақауларды, Шарттан ауытқу) жояды және (немесе) құрылманы ауыстырады.

4.4.15. Егер орындалған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келмесе, осы жұмыстарды қабылдаудан бас тарту.

4.4.16. Материалдар мен жабдықтардың құны бойынша даулы жағдайлар пайда болған жағдайда, материалдар мен жабдықтардың құнын растау үшін шот-фактураның көшірмесі мен түпнұсқасын талап ету.

4.4.17. «ҮМЗ» АҚ қолданыстағы еңбек тәртібі және еңбек ережелері талаптарын, СТ 28.0021 «ҮМЗ» АҚ мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру тәртібі» «А» Қосымшасында көрсетілген өту және нысанішілік режимді бұзған жағдайда Мердігердің жұмыскерлерін Нысанның аумағынан шығаруды талап ету, және олар Тапсырыс берушінің мүлігіне не қызметкерлеріне зиян келтірсе, зиянды өтеу туралы акт жасау;

4.4.18. Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Тәртіпте және (немесе) Шартпен көзделген жағдайларда Шартты орындаудан бір жақты бас тарту (Шарттан бас тарту).

4.4.19. Мердігер Жұмыстарды орындау мерзімін, орындалған Жұмыстар сапасын, Мердігердің жұмыскерлері өту және нысанішілік тәртіпті бұзғаны үшін Шартпен көзделген тәртіпте Шарт бойынша төлем сомасынан не Шарттың орындаулыын қамтамасыз ету кепілдемесінен бір жақты тәртіпте тұрақсыздық айыбын ұстау;

4.4.20. Осы Шартты орындаумен байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі акпаратты «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсыну.

4.4.21. Әсерге экологиялық рұқсат үшін төлем бойынша шығындарды өтеу үшін Мердігерге шот қою.

4.4.22. Осы Шарттың 4.1.8-тармақшасын және (немесе) 4.1.31-тармақшасын бұзған жағдайда Мердігердің жұмыскерлеріне (мамандарына) жұмыстар нысанына өтуге рұқсат бермеу.

4.4.23. Егер Мердігер Нысанның аумағын Шарттың талаптарына сәйкес таза күйде ұстауға шамасы келмесе, Тапсырыс беруші Шарттың 7-тармағы бойынша айыппұл салуға не Мердігердің есебіне шығындарды жатқыза отырып, осы жұмыстарды өзі орындайды.

4.4.24. Кәсіпорын басшысының өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша білімін тексеру туралы растаушы құжаттарды және инженерлік-техникалық жұмыскерлер мен персоналдың біліктілік аттестаттарының болуын талап ету;

4.4.25. Мердігерден жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап ету.

4.4.26. Келесі жағдайларда бір жақты тәртіпте Шартты бұзу (Шартты орындаудан бас тарту):

- Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың № 6 Қосымшасындағы нысан бойынша Контрагент анкетасын ұсынбағанда;

- Мердігерді комплаенс-тексеру кезінде теріс нәтиже анықталса.

- Мердігер «ҮМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталса.

4.4.27. Егер тендер жеңімпазы сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін





Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларын қоспағанда, Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалуға құқылы.

4.5. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тармағының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.6. Тараптардың ешқайсысының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа беруге құқығы жоқ.

4.7. Энергияны едәуір тұтынуға әсер ететін ТЖҚ сатып алуға шарттар жасасу кезінде:

Орындаушы / Мердігер / Жеткізуші өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz> веб-сайтында орналастырылған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен танысуға және таныстыруға міндетті. Осы Шартқа қол қоя отырып, Орындаушы/Мердігер / Жеткізуші «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатының мазмұнымен танысқанын растайды.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес келуін тексеруге құқылы.

5.2. Мердігер ай сайын, әр айдың 25-күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге келесі құжаттарды қоса бере отырып, орындалған жұмыстарды ұсынады:

- Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі, орындалған жұмыстар мен шығындардың құны туралы анықтама, жабдық құнының ведомосы және осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген басқа да құжаттар;

- атқарушылық құжаттама (оның ішінде: атқарушылық схемалар, жасырын жұмыстарға актілер, сапа сертификаттары, материалдар мен жабдықтарға паспорттар, зертханалық сынақтар хаттамалары);

5.3. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

5.4. Тапсырыс беруші Нысанды қабылдауды 2-бөлімде көрсетілген құжаттарды ресімдеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

5.4.1. Мердігер Шарт бойынша барлық жұмыстарды аяқтаған соң, Тапсырыс берушіге Нысанда жұмыстардың аяқталуы туралы хабарлама жолдайды. Хабарламамен бірге Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес толық көлемде атқарушы құжаттаманы ұсынады.

5.4.2. Тапсырыс беруші Мердігердің жұмысында кемшіліктер анықталған жағдайда Нысанды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

5.4.3. Орындалған Жұмыстарды қабылдау барысында жұмыстағы кемшіліктер анықталса, Тараптар анықталған кемшіліктер мен оларды жою мерзімдерін көрсетумен Акт жасайды. Анықталған кемшіліктерді Мердігер өз есебінен жояды.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер Жұмыстардың сапасын Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігіне кепілдеме береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалған Жұмыстарда Тапсырыс беруші Жұмыстарды қалыпты пайдаланған жағдайда құрылмамен, материалмен немесе жұмыстармен байланысты ақаулар болмайтындығына кепілдеме береді.

6.2. Мердігер келесі кепілдеме мерзімдерін қамтамасыз етеді:

а) орындалған құрылыс-монтаждау бойынша трех лет Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қойған сәттен бастап;

6.3. Кепілдеме мерзімі ішінде кемшіліктер анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге кемшіліктерді жою мерзімін көрсетумен кемшіліктерді жою туралы хабарлама жолдайды.

6.4. Мердігер хабарламаны алғаннан кейін, егер кемшіліктер Нысанды дұрыс пайдаланбау немесе Тапсырыс берушінің өзі немесе ол тартқан үшінші тұлғалар әзірлеген оны пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың дұрыс болмауынан, Тапсырыс берушінің өзі немесе ол тартқан үшінші тұлғалар жүргізген Нысанды тиісінше жөндеу салдарынан туындағанын дәлелдемесе, кепілдік мерзімі шегінде табылған кемшіліктерді өз есебінен жояды.

6.5. Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді.

Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі.

Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес





айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN-тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Мердігер Шартта келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Жұмыстарды орындауды мерзімінен кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған/ орындалмаған Жұмыстар құнынан 1 % мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын, өсімақы төлеуге міндетті;

7.2.2. Мердігер Жұмыстарды орындауға қажетті тауарларды сатып алынатын тауар өндірушілерден және сатып алынатын тауарларды шығару бойынша жаңа өндірістерді құру Жобасын жүзеге асыратын ұйымдардан сатып алу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнынан 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге жауапты болады, бұл айыппұлды Мердігер төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші тараптар Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.3. Мердігер Шарттың 6-бөліміне сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың сомасынан 1 % мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10 % аспайтын, өсімақы төлеуге тиіс;

7.2.4. Тапсырыс берушіде шығынның пайда болуын тудырған Жұмыстарды орындау мерзімін бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге нақты келтірілген шығындарды өтейді.

7.2.5. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысанда Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесі бойынша нақты есептілікті ұсынбаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге кешіктірген әрбір күн үшін Шарттың сомасынан 0,1% мөлшерде, алайда Шарттың сомасынан 10%-дан артық емес, өсімақы төлейді;

7.2.6. Мердігер Жұмыстардағы ескертулерді жою бойынша мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша уақтылы жойылмаған ескертулер құнынан 1 % мөлшерінде, алайда уақтылы орындалмаған Жұмыстар сомасынан 10% аспайтын, өсімақы төлеуге міндетті;

7.2.7. Мердігер Нысанның аумағын осы Шарттың талаптарына сәйкес уақтылы тазалаудың мерзімдерін бұзса, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 5 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.8. Мердігер Шартты орындау барысында және салдарынан туындайтын шығындар немесе Тапсырыс берушінің мүлкіне, Мердігердің жеке меншігі және жұмыскерлерінің денсаулығына залал келтірумен байланысты барлық тәуекел үшін, сондай-ақ өзінің жұмыскерлерінің қаза болғаны үшін толық жауапты болады.

7.2.9. Мердігер Тапсырыс берушінің аумағында жұмыстарды орындау кезінде ИП 14.0025 «ҚОМЖ мен ДСЖЕҚҚМЖ талаптарын «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс істейтін ұйымдардың назарына жеткізу тәртібі» мазмұндалған, «ҮМЗ» АҚ-да қолданыстағы ҚОМЖ мен ДСЖЕҚҚМЖ талаптарын орындауға жауапты болады.

7.2.10. Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгені тиісінше орындалмаған жағдайда (Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзу және/немесе сапасыз Жұмыстарды орындау, Мердігердің кінәсі бойынша Шартты бұзу), Мердігер есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде Жұмыстар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Мердігер бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Мердігерге Мердігердің міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды Жұмыстар үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды.

7.2.11. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Контрагент анкетасын уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден осы Шарттың жалпы сомасынан 5% мөлшерде айыппұлды төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.12. Мердігер Шарттың елеулі жағдайын бұзған жағдайда (Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартса), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Мердігер Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 20 % мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.13. Жұмыстардағы елішілік құндылық бойынша жалған ақпарат берген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге келесі мөлшерде 5% Шарттың жалпы сомасынан айыппұл төлейді.

7.2.14. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың





санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын әрбір анықталған сәйкессіздігі үшін Шарт сомасынан, алайда шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын айыппұл түрінде жауапкершілікке ие болады.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Орындалған Жұмыстар үшін төлемді негізсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінен кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 1 % мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуге тиіс.

7.3.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдемесін қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, алайда Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуге тиіс

7.3.3. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге әрбір күнтізбелік күн үшін, орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді

7.3.4. Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуы), Тапсырыс беруші Мердігерге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.4. Мердігер осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі тұрақсыздық айыбы сомаларын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан не Шартты орындауды қамтамасыз ету кепілдемесінен ұстауға Мердігер келісті.

7.5. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші осыған қатысты есептелген және залалға қатысты пайда болған айыппұл сомасын Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап алуға құқылы.

7.6. Мердігер Шарттың талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші:

- Тендерге қатысуға енгізілген өтінім кепілдемесінен ұстайды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді;
- Бір жақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартады

7.7. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жолдайды.

7.8. Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған әр жағдай үшін, Шарттың 7.2-тармағы (Мердігердің жауапкершілігі) және 7.3-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершілікті қоспағанда, кінәлі Тарап екінші тарапқа 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.9. Шарттың 7.8-тармағы бойынша айыппұлды төлеуге негіз ретінде кінәлі Тараптың мекенжайына жолданатын тиісті актілер, шоттар болып табылады. Кінәлі Тарап келісілген сомаларды екінші Тараптың есептік шотына төлем шотын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде ақшалай қаражатты аудару арқылы төлейді.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

7.11. Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.5-тармағына сәйкес осы Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбы өтеуге міндетті.

7.12. 25.12.2017 ж. № 120-VI Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (ҚР СК 644-645-баптары) сәйкес Орындаушының тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар) және тұрақсыздық айыбының басқа түрлері түріндегі табысына 20% мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы салынады (ҚР СК 646-бабы).

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Сатып алу туралы Шарттың жобасына немесе жасалған Шартқа Тәртіптің тиісті тармағында (тармақтарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдауға негіз болған, өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының және/немесе ұсыныстардың мазмұнын өзгертуі мүмкін өзгерістерді енгізуге жол берілмейді.

8.3. Жасалған Шартты өзгерту осы жұмыстарды сатып алуға жылдық сатып алу жоспарында көзделген сомалар шегінде рұқсат етіледі.

8.4. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар егер олар жазбаша түрде жасалса және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол





қойған жағдайда ғана күші бар болады.

8.5. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.5.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.5.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

8.5.3. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты, атап айтқанда:

8.5.3.1. төтенше жағдай немесе экономикадағы басқа қолайсыз оқиғаларға байланысты Тапсырыс берушінің шығындарының қысқартылуы;

8.5.3.2. алқалық атқарушы орган/бақылау кеңесінің (алқалық атқарушы орган/бақылау кеңесі болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің басқару органы/жоғарғы органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) шешімі негізінде өндірістік қажеттіліктің болмауы жағдайында. Жұмыстарды сатып алудың негізделген мақсатқа сәйкес еместігіне байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тарту Тапсырыс беруші Мердігерге нақты жұмсаған шығындарын өтеу шартында рұқсат етіледі.

8.5.4. Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген;

8.5.5. Тәртіппен көзделген басқа жағдайларда.

8.6. Қызметтерді сатып алу негізделген мақсатқа сай еместігіне байланысты Шартты орындаудан бас тарту Тапсырыс беруші Орындаушыға нақты келтірілген шығындарды төлеу шартында рұқсат етіледі.

8.7. Қордың уәкілетті органы сатып алуда сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші жасасқан шартты біржақты тәртіппен бұзуға жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.8. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама Мердігерге Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс. Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн шартты бұзу не Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол Мердігердің электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынды деп есептеледі.

Шарттың 8.5-тармағында көрсетілген жағдайларда Шартты бұзу (бас тарту) үшін Мердігердің қосымша келісімі талап етілмейді.

8.9. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда Мердігердің Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.10. Егер Шарт бұзылса, Мердігер Жұмыстарды орындауды дереу тоқтатуы тиіс, Нысанды консервациялауды қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіпте Тапсырыс берушіге тапсырады.

8.11. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, екінші Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқылы.

Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама екінші Тарапқа Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс.

Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде хабарламада көрсетілген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынған болып саналады.

Шарттың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайда Шартты бұзу (бас тарту) үшін екінші Тараптың қосымша келісімі талап етілмейді.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде түпнұсқасын бере отырып,





пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) сол берілген сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (авиа) хатпен жіберілген хабарлама поштаның жеткізілгенін растайтын пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

9.6. Деректемелерінің өзгеруі туралы Тараптар бір біріне 3 жұмыс күн ішінде жазбаша түрде хабарлайды және белгіленген тәртіпте осы Шартқа тиісті қосымша келісім ресімдейді.

9.7. Хабарлама жеткізгеннен кейін күшіне енеді не көрсетілген күшіне ену күнінде күшіне енеді (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кейіннен болатынына байланысты.

9.8. Осы Шарттың 9.1-9.5-тармақтардың ережелері осы Шарттың 8-бөлімінде көзделген жағдайларға таратылмайды.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Тараптар қол қойған күннен бастап Шарт жасалды деп және күшіне енді деп саналады және 31.05.2025 дейін әрекет етеді. Осы Шартқа қол қою күні ретінде Шартқа қай Тарап кешірек қол қойған күн болып табылады. Тараптардың өзара есеп айырысу бөлігінде және Мердігердің Шарттың 6-бөлімі, 7.2.3-тармақшасы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Еңсерілмес күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса, Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сұрапыл сипаттағы құбылыстар: су тасқындары, жер сілкіну, өрттер, дауылдар, Тараптардың кінәсінен емес болған апаттар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: соғыс іс-қимылдары, блокада, заң шығарушы және атқару органдарының осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін шешімдері жатады.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болғаны туралы Тараптар біріне-бірі мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы олардың басталу сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға тиіс. Екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы туралы олардың туындау күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабарламауы осындай жағдайлардың әрекетіне тап болған Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы үшін осы Тарап негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады. Егер Тараптан өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, еңсерілмейтін мән-жайларына сілтеме жасайтын екінші Тарап Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды орынды болғанынша жалғастырады және Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіреді.

Бұл жағдайда, осы мән-жайлардың Шартты орындау мерзімдері бүкіл Шартты немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары болғаннан кейін орындалуға жататын бөлігінің мерзімінде орындалуына айтарлықтай әсер етсе, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері осы еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету уақытына ұзартылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасаушы Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

11.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары болған жағдайда, Мердігер жұмыстарды тоқтатады және Нысанды консервациялауды қамтамасыз етеді. Тапсырыс беруші Мердігерге Нысанды тоқтату күніне дейін орындалған жұмыстардың бүкіл көлемі үшін және Нысанды консервациялаумен байланысты жұмыстар үшін төлейді.

11.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылдаған шешімі жөнінде екінші Тарапқа хабарлай отырып, осы Шартты толық немесе бір бөлігінде бұзуға құқылы.

11.7. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болуына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Шартты бұзу күніне қарасты болған нақты шығындары үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

12.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жіберілген Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

12.3. Тараптар келісімге келе алмаған даулар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралады.

12.4. Шартты орындау және дауларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылатын құқық болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету





үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің, оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сүйенуге немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

13.8. Тапсырыс беруші Мердігерден Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы бойынша мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

13.9. Осы Шарттың 13.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың атына беруге міндетті.

13.10. Мердігер Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелері бұзылды немесе болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған Тапсырыс берушіні құпия хабардар ету көздері бойынша хабарлама жібере алады.

13.11. Тапсырыс беруші осы Шартты орындауға байланысты Мердігердің қызметіне, оның құжаттары мен жазбаларына өз қалауы бойынша тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті және оны дербес немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

13.12. Мердігер Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хабарламаны алғанын растауы және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тексеру жүргізілген күнді растауы тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тарап осы Шартты жасау, орындау, бұзуға байланысты немесе оның шеңберінде Мердігердің жұмыскерлерінен сұхбат алуы мүмкін.

13.13. Егер тексеру нәтижесінде Мердігердің оларға берілген кепілдіктер мен куәліктерді бұзу жағдайлары анықталса, Мердігер көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдауға және осындай шаралар туралы Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Мердігер өз есебінен орындауы тиіс.

13.14. Егер Мердігер тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді немесе сәйкессіздікті жою бойынша шаралар қабылдаса, онда Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға құқылы.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға





беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Осы Шарт бойынша қарым-қатынасқа 14.1.-тармақтарының талаптары көрсетілген құжат және ақпарат Тараптардың коммерциялық құпиясына жатпаған жағдайда қолданылмайды.

14.4. Тапсырыс беруші Мердігердің алдын ала келісімінсіз Тапсырыс берушінің Жалғыз акционеріне құпия және өзге де қорғалатын ақпаратты беруге құқылы.

15. Ерекше жағдайлар

15.1. Осы Шартты жасасу арқылы Тараптар осы Шарт бойынша жұмыстар жүргізу болжанатын объектіге бірлескен тексеру жүргізгендерін растайды және мыналарды белгілейді:

- осы Шарт бойынша жұмыстарды жүргізу жағдайларына зерттеу жүргізу кезінде жұмыс өндірісінің тікелей аймағында орналасқан бу құбырлары, қышқыл құбырлары, жұмыс істейтін технологиялық механизмдердің козғалмалы бөліктері, күштік кабельдер және т. б. түрінде қосымша қауіпті факторлар (әдетте ұқсас жұмыстарды жүргізу кезінде орын алатындарға қарағанда) анықталды. қауіптіліктің жоғарылауы, олардың әрқайсысының қауіптілік сипатын жеткілікті түрде зерттеді;

- осы Шарт бойынша жұмыстарды жүргізу талаптарына зерттеу жүргізу кезінде қосымша зиянды факторлар анықталды (әдетте ұқсас жұмыстарды жүргізу кезінде орын алатын факторларға қарағанда). Мердігер келтірілген деректердің дұрыстығына көз жеткізді, олардың әрқайсысының қауіптілік сипатын жеткілікті зерттеді.

15.2. Өз қызметкерлерінің кәсіби дерттерге шалдығуы не денсаулығының басқа да зақымдануына зияндарды өтеумен байланысты барлық тәуекелдіктерді Мердігер өзіне қабылдайды.

16. Мердігерді комплаенс-тексеру

16.1. Шарттың 13-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Тапсырыс беруші өзіне Мердігерге комплаенс-тексеру құқығын қалдырады.

16.2. Мердігерді комплаенс-тексеру барысында Тапсырыс беруші Мердігерді ынтымақтастықтан бас тартуға негіз/теріс ақпарат/басқа мәліметтердің болуына, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық, ақшаның жылыстауы және лаңкестікті қаржыландырумен қоса қандай да бір заңсыз қызметке қатысы барын, Мердігердің, оның акционерлері/құрылтайшылары/қатысушылары, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияға жататын тұлғалар тізімінде болуына тексереді.

17. Басқа шарттар

17.1. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғаларымен электронды-цифрлық қолды (ЭЦҚ) пайдаланумен қол қойылған. Шарттың мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіндерінде келіспеушіліктер туған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар осы электрондық шарттың заңды күшін мойындайды және оны өз қолымен қол қойылған қағаз нұсқадағы Шартпен тең мәнді деп таниды. Электронды Шарттың данасы «Самұрық-Қазына» АҚ электронды сатып алулар ақпараттық жүйесінде (<https://zakup.sk.kz>) сақталады және Тараптардың әрқайсысы электронды Шартқа кіру рұқсатына ие болады.

17.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті тұлғалары электронды-цифрлық қолды (ЭЦҚ) пайдаланумен қол қою шартында оның ажырамас бөлігі болып табылады.

17.3. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

17.4. Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған, мөрмен куәландырылған және екінші Тарапқа электрондық пошта (электронды хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұсқа) және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды түпнұсқаларын алғанға дейін Тараптар толыққанды заңды құжаттар ретінде мойындайтыны туралы келісті. Электронды пошта және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау факс/электронды нұсқасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн/күнтізбелік күн/ай ішінде міндетті болып табылады.

17.5. «Орындалған жұмыстар актісі» сөздері мәтін бойынша «Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі» деп оқылсын.

17.6. Мердігер осы Шартқа қатысы бар ақпарат электронды түрде басты компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ талаптарына сәйкес «QazCloud» ЖШС «Деректерді өңдеу орталығында» (ДӨО) орналастырылуына келісім береді.

18. Шартқа қосымшалар

18.1. № 1 - сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (жүйеде қалыптастырылады);

18.2. № 2 - Техникалық ерекшелік (жүйеде қалыптастырылады);





- 18.3. № 3 - Жұмыстарды орындауға арналған шарттағы елішілік құндылықтың болжамды / нақты есебі (жүйеде қалыптастырылады);
18.4. № 4 - Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесі (Мердігер қағаз тасымалдағышта ұсынады);
18.5. № 5 - Жұмыс құнының ведомосы (Мердігер қағаз тасымалдағышта ұсынады);
18.6. № 6 - Контрагент анкетасы (Мердігермен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады);
18.7. № 7 – ESG анкета-сауалнамасы (Мердігермен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады).

19. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ., Абай
даңғылы, 102
БСН 941040000097
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ756010151000014503
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +7 (723) 229-8123
Техникалық дайындық жөніндегі директор Шотт Виктор
Александрович

20.12.2024 14:45:39

"Алтайская строительная компания" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ.,
УЛИЦА БАШИКОВА, дом 11
БИН 010440000233
БИК KСJBKZKX
ИИК KZ888560000006013767
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: +7 (777) 356-7121
Директор ВЕРЁВКИН ВЛАДИМИР ГРИГОРЬЕВИЧ

20.12.2024 15:38:24





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

ЖП тармағының №	Атауы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттамасы	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
338 Р	Тұрғын емес ғимараттардың жекелеген элементтерін ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар/құрылыстардың үй-жайлардың	Ғимарат 3. Коммуникацияларды ағымдағы жөндеу	1.000	1.000	-	Жоқ	2 952 832	КАЗАХСТАН, Восточно-Казахстанская область, Усть-Каменогорск Г.А., г.Усть-Каменогорск, КАЗАХСТАН, Восточно-Казахстанская область, Усть-Каменогорск Г.А., г.Усть-Каменогорск, 631010000, Восточно-Казахстанская область, Усть-Каменогорск Г.А., г.Усть-Каменогорск, пр.Абая, 102	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%





ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1053570 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (338 Р, 3837029)

Тапсырыс беруші: "Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ

Мердігер: "Алтайская строительная компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	Мәні
Жол нөмірі	338 Р
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Тұрғын емес ғимараттардың жекелеген элементтерін ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар /құрылыстардың/үй-жайлардың
Қосымша сипаттама	Ғимарат 3. Коммуникацияларды ағымдағы жөндеу
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Өскемен қ., КАЗАХСТАН, Восточно-Казахстанская область, Усть-Каменогорск Г.А., г.Усть-Каменогорск, 631010000, Восточно-Казахстанская область, Усть-Каменогорск Г.А., г.Усть-Каменогорск, пр.Абая, 102
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

- Жұмыстарды орындаудың Күнтізбелік кестесіне сәйкес объектіде «Ғимарат 3. Коммуникацияларды ағымдағы жөндеу» жөндеу жұмыстарын орындау (1-қосымша).
 - Сметалық құжаттамасының қосымшасына сәйкес орындалған жұмыстардың көлемі № 28-04-07/2245 (электронды түрі қоса беріледі).
 - Еңбек жағдайларының сипаттамасы: қауыпты еңбек жағдайлары.
 - Жұмыстарды Тапсырыс берушінің Құжаттамасына, ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына, оның ішінде техникалық регламенттердің, мемлекеттік стандарттардың, құрылыс, өрт сөндіру, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелердің талаптарына, әдетте ұқсас жұмыстарға қойылатын талаптарға, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен мемлекеттік қадағалау органдарының талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде орындау.



- Жұмыстарды жүргізуге, қауіпсіздік техникасына, еңбекті қорғауға, өртке қарсы қауіпсіздікке, Тапсырыс берушінің талаптарын /нұсқамаларын орындауға және т. б. жауапты адамдарды тағайындау және Тапсырыс берушіге шарт жасалғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде өкілеттіктері мен сенімхаттары, сондай-ақ ұйымның атынан кез келген құжаттарға қол қоюды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға сенімхаты көрсетіле отырып, оларды тағайындау туралы тиісті бұйрықтардың тиісті түрде куәландырылған көшірмелерін ұсыну.
- Жұмыстарды жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің аумағында еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын басшылыққа алып, орындау.
- Егер Мердігер осы Шартты орындау барысында Мердігер коммуникацияларға (жерасты және/немесе жер үсті), конструкцияларға, ғимараттарға, Тапсырыс берушінің және/немесе үшінші тұлғалардың өзге де мүлкіне залал және/немесе зақым келтірсе, Мердігер оқиға болған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей Тапсырыс берушінің уәкілетті өкіліне тиісті хабарлама жіберуге, өз күшімен және өз есебінен қалпына келтіру жұмыстарын дереу жүргізуге, сондай-ақ ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен залалдарды дербес өтеуге міндеттенеді.
- Мердігер өз бетінше және өз есебінен (Тапсырыс берушінің кейіннен өтемақысыз) жұмыстар басталған күннен бастап және тараптар орындалған жұмыстар актісіне қол қойғанға дейін жұмыстарды орындау орнын және жұмыстарды орындау орнындағы мүлікті күзетуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.
- Жұмыстардың өз Материалдарынан және/немесе Жабдықтарынан, жинақтауыштарынан және т.б. өз күшімен және құралдарымен орындалуын қамтамасыз ету.
- Өз күшімен және өз есебінен (Тапсырыс берушінің кейіннен өтемақысыз) жұмыстарды орындау процесінде жұмыстарды орындау орны мен оған іргелес аумақты үнемі тазалап отыру.

Техникалық ерекшелікке

1-қосымша

«Ғимарат 3. Коммуникацияларды ағымдағы жөндеу» нысаны бойынша

жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесі



4068868821

№ пп	Жұмыста рдың атауы	2024-2025					
		1-10	11-20	21-30	31-40	41-50	51-60
1	Жұмыс өндірісіні ң жобасын әзірлеу	+					
2	"Кері күр ек" экскав аторлары мен үйінд іге транш еяларда т опырақ әз ірлеу, шө міштің сы йымдылы ғы 0,65 м 3 (П82 құд ықтан 3 ғ имаратты ң қабырға сына дейі н), топыр ақ тобы 2		+				
3	Фасонды бөліктері мен тіректері бар Du150 құбырлар ын бөлшекте у		+				

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



4068868821

4	Болат ысырмала рды бөлшекте у, диаметрі 150 мм		+				
5	Қабырғал ары кірпі штен жас алған. 260x260 м м дейінгі ұяшықтар ды тесу		+				
6	Ұңғыман ың кірпішін ішінара бөлшектеу		+				
7	Бетті металл праймерм ен 1 рет грунттау ГФ-021			+	+		
8	БТ-177 күмістен жасалған металл праймерм ен 2 рет бояу			+	+		
	Синтетик алық байл аныстырғ						



4068868821

9	ЫШТАҒЫ М инералды жүнді төс еніштерм ен, минер алды жүн ді плитала рмен құб ырды окш аулау			+	+		
10	Бетті рол икті матер иалдарме н оқшаула у құрылғ ысы буын дарды же лімдеу ар қылы құр ғақ орау			+	+		
11	Ұңғыман ың кірпішін қалпына келтіру				+		
12	Топырақт ы 5 м- ге дейін б ульдозерл ермен ауы стыра оты рып, тран шеялар ме н шұңқыр ларды тол тыру, қуа ты 59 кВт (80 а. к.), топырақ т обы 2 (П82-					+	



4068868821

	ден 3- ғимаратт ың негізін е дейін)						
13	Құм- қиыршық тас қоспас ынан, дре свадан жа салған нег іздердің а стыңғы ж әне тегіст еу қабатта рын салу					+	
14	Байламда рдағы сұрыпты Металл, металл құбырлар. Тиеу					+	
15	Елді меке ндерде құ рылыс жү ктерін сам освалдарм ен тасыма лдау. Жүк көтергіш тігі 5- тен 10 тон наға дейін , тасымал дау қашы қтығы 1 км					+	



4068868821

16	Құрылыс қоқысы (қолмен). Тиеу		+	+	+	+	
17	Елді мекендер де құрылыс жүктерін самосвалд армен тасымалд ау. Жүк көтергішт ігі 5-тен 10 тоннаға дейін, тасымалд ау қашықтығ ы 12 км		+	+	+	+	
18	Объектіні тапсыру						+

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	ҚР ЕЖ 2.04-108-2014
2	ҚР ҚН 1.03-106-2012
3	ҚР ЕЖ 4.02-101-2012
4	ҚР ҚН 2.04-05-2014



Шарттың №3

қосымшасы №1053570/2024/1 от 20.12.2024 жылғы

Шарттың №3

қосымшасы №1053570/2024/1 от 20.12.2024 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктерінің коды	Сатып алу көлемі		СТ-KZ сертификаты						Тауар шығарылған елдің коды	внутристрановая ценность в товаре, в тенге	внутристрановая ценность в договоре, %
					в единице измерения по ст.5	акпалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (Σ15/Σ7*100%)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.



4068868821

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

№ р/с	Орындаушы/Суб мердігер	Келісім -шарт нөмірі	Келісім- шарттың құны	Келісім-шарт шеңберінде орындаушы немесе субмердігер сатып алатын/сатып алған тауарлардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындау шеңберінде жасалатын/жасалатын субмердігерлік келісім-шарттардың жиынтық құны	Келісім-шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе субмердігердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің жалпы қорындағы қазақстандық кадрларға еңбекақы төлеу қорының үлесі	Шарттағы елішілік құндылық үлесі, (ақша қаражат түрінде)
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

№ р/с	Орындаушы	Келісім-шарт	Келісім-шарт күні	Келісім-шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	внутристрановая ценность в договоре, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum 15(\text{табл.1}) + \sum 8(\text{табл.2}) / 6 * 100\%$)
						100

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Шотт Виктор Александрович, Директор по технической подготовке

САЙРАМБЕКОВА РАУШАН САКТАСЫНОВНА, И.о. управляющего директора по обеспечению бизнеса, Директор по закупкам

Транова Олеся Владимировна, Менеджер по рискам и комплаенс

БОНДАРЕВ МИХАИЛ ВЕНИАМИНОВИЧ, Начальник отдела по планированию и организации закупок

Макагонов Денис Сергеевич, Начальник отдела капитального строительства и реконструкции

Андреев Дмитрий Николаевич, Заместитель директора по подготовке производства и реконструкции бериллиевого производства

Космамбетов Талгат Аралбаевич, Юрист

Бабкина Елена Александровна, Начальник Бюро планирования и учета Отдела капитального строительства и реконструкции

ВЕРЁВКИН ВЛАДИМИР ГРИГОРЬЕВИЧ, Директор

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы



Күжат «Самұрық-Қазына» ӨАҚ» АҚ электронды порталымен қурылған
Документ сформирован порталом электронных закупок АО «ФНБ «Самрук-Казына»



4068868821

күжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





Договор о закупке работ №1053570/2024/1

20.12.2024 г.

Акционерное общество "Ульбинский металлургический завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Директор по технической подготовке Шотт Виктор Александрович, действующего на основании Доверенность №2872693927 от 03.01.2024, , с одной стороны, и Товарищество с ограниченной ответственностью "Алтайская строительная компания" именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице Директор ВЕРЁВКИН ВЛАДИМИР ГРИГОРЬЕВИЧ, действующего на основании Устав, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании Протокол итогов № 1053570, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что:

- является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством;
- отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора;
- оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

Проекты договоров о закупках предпроектных, проектных работ должны содержать требования об указании поставщиком в предпроектной и (или) проектной (проектно-сметной) документации строительных материалов, оборудования, изделий и конструкций, включенных в базу данных товаров, работ, услуг и их поставщиков (при наличии), формируемую уполномоченным государственным органом в области государственной поддержки индустриально-инновационной деятельности.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы (далее - Работа), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

1.2. В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование:

- 1.2.1. «Заказчик» – Акционерное общество «Ульбинский металлургический завод» (далее – АО «УМЗ»);
- 1.2.2. «Подрядчик» – Товарищество с ограниченной ответственностью "Алтайская строительная компания" (далее - ТОО "Алтайская строительная компания");
- 1.2.3. «Объект» – здание 3;
- 1.2.4. «Участок» – означает территорию, отведенную для производства работ при строительстве Объекта;
- 1.2.5. «Договор» – означает настоящее соглашение, достигнутое между Заказчиком и Подрядчиком, зафиксированное в письменной форме и подписанное Сторонами со всеми Приложениями и дополнениями к нему, а также со всей необходимой документацией, на которую в настоящем Договоре есть ссылки.
- 1.2.6. «Документация» – сметная документация, передаваемая Подрядчику в составе конкурсной документации для производства работ на Объекте;
- 1.2.7. «Срок продолжительности работ» – означает срок, в течение которого Подрядчик должен завершить выполнение работ на Объекте;
